

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы № 15 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі жұмысты одан әрі дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат; 2004 ж., № 22, 276-құжат; 2005 ж., № 19, 227-құжат; 2006 ж., № 1, 2-құжат; 2008 ж., № 42, 456-құжат; № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

4-тармақтың 3) тармақшасындағы «әрбір мамандық бөлінісінде» деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 0 - т а р м а қ т а :

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамын мүдделі мемлекеттік органдармен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми және өзге де ұйымдармен келісім бойынша жұмыс тәртібін және оны ұйымдастыруды, сондай-ақ үміткерлердің тәуелсіз сараптама комиссиясының мүшелерімен дербес әңгімелесуін бағалау парағын бекітеді;

7) мемлекеттік тілді білудің және шетелдік жоғары оқу орындарының, ғылыми

орталықтардың, зертханалардың талаптарын ескере отырып, шет тілдерін білудің қажетті ең төменгі деңгейін және пәндік емтихандар бойынша ең төменгі шекті балын, сондай-ақ психологиялық тестілеу бойынша ең төменгі шекті балын белгілейді;»;

9) тармақшадағы «жүзеге асырады.» деген сөздер «жүзеге асырады;» сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) Стипендия тағайындау және одан айыру мәселелерінен басқа, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерінің арыздары мен өтініштерін қарау жөніндегі комиссияны құрады.».

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті    Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК